

Банктік аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банк қызметіне аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы 1999 жылғы 25 маусым N 142 Қаулы. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының 2003 жылғы 27 қазандағы N 384 (V032579) қаулысымен.

Банктік аудит мәселесін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Банктік аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банк қызметіне аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктік қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Банктік аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банк қызметіне аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

3. Банктік қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) осы қаулыны және Банктік аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банк қызметіне аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т. Құдышевке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ л т т ы қ

Б а н к і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

1 9 9 9

ж ы л ғ ы

2 5

м а у с ы м д а ғ ы

N

1 4 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Банктік қызметке аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банктік қызметке аудит жүргізуге арналған лицензия алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібі туралы

Нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасында аудиторлық қызмет мәселелерін реттейтін қолданылып жүрген банк заңдарына және заң актілеріне сәйкес әзірленген және банктік қызметке аудит ұйымдастыру бойынша курстар жүргізу, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар) банктік қызметіне аудит жүргізуге арналған лицензия (бұдан әрі - лицензия) алуға үміткерлерді сынақтан өткізу тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Банктерді қадағалау департаменті сынақты өткізеді және Комиссия отырысына құжаттарды дайындайды.

2-тарау. Банктік аудит курсының өту тәртібі

3. Банктік аудит Комиссиясында лицензия алуға үміткер үшін сынақтан және әңгімелесуден өтудің міндетті шарты банктік қызметке аудит жүргізуді ұйымдастыру бойынша курстарда (бұдан әрі - курс) оқу болып табылады.

4. Оқу орталықтарында жоғарыда аталған курстар болмаған жағдайда ондай курстарды Ұлттық Банк ұйымдастырады.

5. Лицензия алатын және қажетті материалдарды әзірлейтін үміткерлерден өтініш жинауды қоса алғанда курсты ұйымдастыруды Ұлттық Банктің қызметкерлермен жұмыс үшін жауап беретін бөлімшесі Банктерді қадағалау департаментімен бірге жүзеге асырады.

6. Курстан өтуге жазылу үшін лицензия алғысы келетін үміткер Ұлттық Банкке ерікті түрде жасалған тиісті өтінішті тапсырады.

7. Курс кем дегенде жеті өтініш болғанда, төрт айда кемінде бір рет өткізіледі.

8. Курстың тақырыбы міндетті түрде екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) бухгалтерлік есебіне, банктерді қадағалауға, банктердің ішкі бақылаудың (аудиттің) банк операцияларын өткізуге қатысты мәселелерді қамтуға тиіс.

9. Курс Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ақылы негізде жүргізіледі.

10. Курсты аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға тиісті сертификат беріледі.

3-тарау. Банктік аудит комиссиясында сынақты және әңгімелесуді өткізу

11. Сынақ тестің сұрақтарына жазбаша түрде немесе компьютер техникасын пайдаланып жауап беру жолымен жүзеге асырылады.

12. Сынақ кезінде ұсынылатын сұрақтардың тізілімін Комиссия қарайды және оларды Комиссия Төрағасы бекітеді.

Комиссия мүшелері қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сұрақтарды басқа бір адамға жария еткені үшін жауап береді.

13. Сұрақтар курста ұсынылған тақырыпқа сәйкес келуге және жауаптың кем дегенде бір дұрыс жауабы бар үш нұсқасын қамтуға тиіс.

14. Сынақтан өткен кезде үміткерге кем дегенде 40 сұрақтан тұратын бір в а р и а н т ұ с ы н ы л а д ы .

Сынақтан өтуге берілген уақыт 1 (бір) сағаттан аспауға тиіс.

15. Сынақтан өткен кезде үміткерлерге анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануға тыйым салынады. Аталған талаптар бұзылған жағдайда үміткер сынақтан қуылуы мүмкін. Сынақтан қуылған үміткер Банктік аудиттің комиссиясына жіберілмейді.

16. Дұрыс жауап ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 60%-тен астамы болған жағдайда сынақ нәтижесі дұрыс және үміткер Банктік аудиттің комиссиясына әңгімелесуге жіберілді деп саналады. Дұрыс жауап ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 60% және одан төмен проценті болған жағдайда сынақ нәтижесі дұрыс емес және үміткер Банктік аудиттің комиссиясына әңгімелесуге жіберілмейді деп саналады.

17. Сынақтан өткеннен кейін лицензия беру туралы мәселе Комиссия қарауына шығарылады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

18. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Төраға